

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім
беру ұйымдары Аудандық ҚББҰ

«№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Бекітемін»

Мектеп директоры:  Г.Былхиева



Тақырыбы: «Профи TIME мамандықтар әлемінде» атты тренинг

Орындаған : КББ Молдатәліп Әйгерім

9 «А,Ә,Б» - сыныптар

Бесқұбыр ауылы

2024-2025 оқу жылы

№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде

Кәсіби бағдар беру бойынша өткізілген іс-шараның

Анықтамасы № _____

Бескұбыр ауылы.

26 қаңтар 2024жыл.

Қатысқандар : 9 «А,Ә,Б» - сыныптары

«Профи TIME мамандықтар әлемінде» тақырыбында 9 сыныптар арасында мамандықтармен таныстыру мақсатында тренинг өткізу. Жалпы 5 кезеңнен тұрады.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша таныстырылып өтті.

Мамандық сенің денсаулығыңа, физиологиялық және психологиялық күйіңе, біліміңнің сапасы мен деңгейіңнің дайындығына байланысты екенін есіңнен шығарма. Сондықтан да мамандық таңдар алдында «Мен жасай аламын ба, қабілеттімін бе?» деген сұраққа жауап беру керек. Мамандық таңдау – болашағыңды айқындау . Біз алдымызға белгілі бір мақсат қоя білуіміз керек. Сол мақсатқа жету үшін бірталай міндеттерді орындауымыз керек. Сонда ғана сенің болашағың айқын.Мақсаты: “Мамандық” құндылығы туралы түсінікті қалыптастыру;Мамандық таңдау нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру. Міндеттері: Мамандық таңдаудың негізі шарттарын таныту ; Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу; Еңбекқорлыққа , еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

Кеңестер:

1.Ең бірінші оқушы өзіне деген сенімін және өзін – өзі құрметтей білуі керек.

2. Өзіңіздің шын тілегіңізді аша біліңіз. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Шынымен маған не қажет?», «Қайда жұмыс жасағым келеді?», «Кім болғым келеді?».

3. Мамандық алу және маман болу үшін көп нәрсені үйренуің керек. мамандықтардың талаптары туралы білуге, содан соң жеке қасиеттеріңмен сәйкестендіру, яғни кәсіби жоспар жасау.

(Сіз кіммен араласасыз, соның бәріне мынадай сұрақ қойыңыз: Ол қайда оқыды? Неге бұл мамандықты таңдады? Ол мамандық ұнай ма? Ұнаса, неге ұнайды?)

4. Өзіңнің мамандануыңдағы ең басты да түпкі жетістігіңді анықта. (Қазіргі замандағы мамандықтардың маңызы не? Кез келген жағдайда мамандық әлемінде қажетті болу және өмір сүруге не керек?)

5. Кез келген арманды іске асыра біл.

6. Сізге, мемлекет үшін де, қоғам үшін де – компьютерлік сауаттылық, тілдер білу және адамдармен тіл табысып, оған қоса өзіңді жақсы білуің керек.

Орындаған : КББ Молдатәліп Әйгерім